



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Т.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ



**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ,
ҚР ҰЛТТЫҚ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ,
ӨНЕРТАНУ КАНДИДАТЫ, ПРОФЕССОР,
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАУШЫЛАРДЫҢ БІРІ,
«ТЕАТР ӨНЕРІ» ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ДЕКАНЫ**

АМАН БЕКЕНҰЛЫ ҚҰЛБАЕВТЫҢ

**70 ЖЫЛДЫҚ
МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН**



**«Рухани жаңғыру»
бағдарламасын жүзеге асыру
аясында заманауи театр өнерінің
даму тенденциялары»**

**Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

19 қараша, 2018ж.

Материалы Международной научно-практической конференции «Современные тенденции развития театрального искусства в контексте реализации программы «Рухани жаңғыру», посвященную 70-летию юбилею Заслуженного деятеля РК, академика Национальной академии естественных наук, профессора, одного из основателей Алматинского Государственного театрально-художественного института имени Т.К. Жургенова, декана факультета «Театральное искусство» Кулбаева Амана Бекеновича.

19 ноября, 2018г.

«Modern trends in the development of theatrical art in the context of the implementation of the program "Ruhani Zhangyru" conf. proc. of intern. research and prac. conf. to the 70th anniversary of the Honored Worker of the Republic of Kazakhstan, academician of the National Academy of Natural Sciences, professor, one of the founders of the Higher School of Theater Arts of Kazakhstan, the dean of the faculty "Theatre Art" Aman Bekenovich Kulbaev.

19 November, 2018г.



Алматы, 2018

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
Т.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ИСКУССТВ ИМ.Т.ЖУРГЕНОВА

MINISTRY OF CULTURE AND SPORT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
T.K. ZHURGENOV KAZAKH NATIONAL ACADEMY OF ARTS



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІЦІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ, ҚР ҰЛТТЫҚ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ, ӨНЕРТАНУ КАНДИДАТЫ,
ПРОФЕССОР, ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАУШЫЛАРДЫҢ БІРІ,
«ТЕАТР ӨНЕРІ» ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ДЕКАНЫ **АМАН БЕКЕНҰЛЫ ҚҰЛБАЕВТЫҢ 70**
ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»
БАҒДАРЛАМАСЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДА ЗАМАНАУИ ТЕАТР ӨНЕРІНІҢ
ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
материалдары

МАТЕРИАЛЫ

Материалы Международной научно-практической конференции «**Современные тенденции развития театрального искусства в контексте реализации ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»**, ПОСВЯЩЕННОЙ 70-ЛЕТНЕМУ ЮБИЛЕЮ ЗАСЛУЖЕННОГО ДЕЯТЕЛЯ РК, АКАДЕМИКА НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК КАЗАХСТАНА, ПРОФЕССОРА, ДЕКАНА ФАКУЛЬТЕТА «ТЕАТРАЛЬНОЕ ИСКУССТВО» **АМАНА БЕКЕНОВИЧА КУЛБАЕВА**

Conference Proceedings
of International Research and Practice Conference
«**MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF THEATRICAL ART IN THE CONTEXT OF THE IMPLEMENTATION OF THE PROGRAM "RUHANI ZHANGYRU»**

THE CONFERENCE IS DEVOTED TO **THE 70th ANNIVERSARY** OF THE HONORED WORKER OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, ACADEMICIAN OF THE NATIONAL ACADEMY OF NATURAL SCIENCES, PROFESSOR, THE DEAN OF THE FACULTY "THEATRE ART" **AMAN BEKENOVICH KULBAEV**

АЛМАТЫ
ALMATY
19-21 қараша, 2018
19-21 ноябрь, 2018
November 19-21, 2018

ӘӨЖ: 792 (063)
КБЖ: ББК 85.37я73
К 74

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Бас редактор – Амирбеков Ш.А., пол. ғ.д., профессор
Бас редактордың орынбасары – Халықов Қ.З., филос.ғ.д., профессор
Редакциялық алқа мүшелері – Қаржаубаева С.К., ө.д., профессор
Техникалық редактор – Ахметова А.

К 74

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында заманауи театр өнерінің даму тенденциялары» атты Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Ұлттық жаратылыстану академиясының академигі, өнертану кандидаты, профессор, өнер академиясының іргетасын қалаушылардың бірі, «Театр өнері» факультетінің деканы **Аман Бекенұлы Құлбаевтың** 70 жылдық мерейтойына арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.

Материалы Международной научно-практической конференции **«Современные тенденции развития театрального искусства в контексте реализации программы «Рухани жаңғыру»**, посвященную 70-летию юбилею Заслуженного деятеля РК, академика Национальной академии естественных наук, профессора, одного из основоположников высшей школы театрального искусства Казахстана, декана факультета «Театральное искусство» **Амана Бекеновича Кулбаева**.

«Modern trends in the development of theatrical art in the context of the implementation of the program "Ruhani Zhangyru» conf. proc. of intern. research and prac. conf. to the 70th anniversary of the Honored Worker of the Republic of Kazakhstan, academician of the National Academy of Natural Sciences, professor, one of the founders of the Higher School of Theater Arts of Kazakhstan, the dean of the faculty "Theatre Art" **Aman Bekenovich Kulbaev**.
. – Алматы, 2018. – 398 б.

ISBN 978-601-218-323-9

Бұл жинақта Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында өткен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Ұлттық жаратылыстану академиясының академигі, өнертану кандидаты, профессор, өнер академиясының іргетасын қалаушылардың бірі, «Театр өнері» факультетінің деканы **Аман Бекенұлы Құлбаевтың** 70 жылдық мерейтойына арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары топтастырылған.

Жинақ жоғары оқу орындарының ұстаздарына, докторанттарына, магистранттарына, ғылыми қызметкерлерге және өнер дамуының мәселелеріне қызығушылық білдіретін барлық оқырмандарға арналады.

ӘӨЖ: 792 (063)
КБЖ: ББК 85.37я73

ISBN 978-601-218-323-9 Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, 2018.

улицы», обеспечивало преподавание на самом высоком уровне – нам читали лекции режиссеры Султан Ходжиков и Мажит Бегалин, оператор Марк Беркович и художник Павел Зальцман; нам показывали лучшие фильмы, которыми располагал республиканский кинопрокат; нас учили писать рассказы и рецензии на фильмы. Но самым важным условием обучения в сценарной мастерской была результативность – мы обязаны были победить в безумной конкурсной борьбе при поступлении. Сценарная мастерская не была любительским литературным кружком, в ней все было подчинено формированию будущего профессионала. Пожалуй, одним из серьезных упражнений, которые помогали почувствовать профессию, было еженедельное обсуждение литературных этюдов, и главным условием при обсуждении был запрет на слова «мне нравится - мне не нравится» - необходимо было обосновать свой комментарий, при этом выступление должно было быть доброжелательным и конструктивным, чтобы помочь обсуждаемому автору превзойти себя в следующей работе. Таким образом, мы не только учились быть кинописателями, но и осваивали азы редакторы.

Первый факультет кино в Казахстане был открыт в 1993 году. За этот период из стен академии вышло уже не одно поколение кинематографистов, на факультете учатся уже дети наших первых выпускников, и учатся, надо сказать успешно, потому что кино – это профессия, требующая усиленной подготовки, полной отдачи себя. В стране наблюдается стабильно высокий спрос на кинематографические профессии. И в КазНУИ, и в университете «Туран» желающих освоить профессии режиссера, оператора, продюсера, звукорежиссера стабильно много. Возвращаются из дальнего зарубежья юноши и девушки, получившие в киношколах Европы и Америки азы кинопроизводства, и включаются в процесс создания своих первых картин на киностудии «Казахфильм» и на частных киностудиях.

В методике преподавания режиссуры, операторского и сценарного мастерства в КазНАИ им.Т.Жургенова, КазНУИ и университета «Туран» есть прямая связь со знаменитой «академией Варшавского». Профессорско-преподавательский состав кинофакультетов – это режиссеры Д.Манабай, С.Нарымбетов, А.Айтуаров, Б.Омар, С.Райбаев, А.Райбаев, А.Сулеева, А.Амиркулов, К.Абенов, операторы А.Нилов, А.Сулеев, М.Васильев, С.Махмут, киноведы К.Айнагулова, Г.Абикеева, кинодраматурги Л.Ахинжанова, С.Сулейменов, М.Соловьева. В разные годы они были прилежными слушателями «сценарной мастерской», успешно в свое время поступили во ВГИК, но и сегодня состоявшиеся кинематографисты стараются не забывать своих учителей. Мы стараемся быть похожими на них. То заботливое внимание и непосредственное участие в нашей творческой жизни, которые мы ощущали, еще будучи абитуриентами, способствовали нашему желанию стать педагогами. Работоспособность, образованность, стремление к самосовершенствованию, уверенность в своих силах, независимость суждений и авторская уникальность – нас этому учили в сценарной мастерской киностудии «Казахфильм».

Литература:

1. Енисеева-Варшавская Л. Память сердца. - Алматы, 2000.
2. Сценарная мастерская. Литературные этюды для киноэкрана (под редакцией М.В.Соловьевой). – Алматы, КазНАИ им.Т.Жургенова, 2013 г.

СЦЕНОГРАФИЯДАҒЫ КОМПЬЮТЕРЛІК ЖӘНЕ МЕДИА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ДАМУ ҮРДІСІ

Бисембаева А.А.

Т.Жургенов атын. ҰазҰӨА магистранты
aidow17.91@mail.ru

Жангужинова М.Е

д.п.н., «Сценография» кафедрасының доценті

Аңдатпа: Бұл мақалада заманауи театр қойылымдарындағы компьютерлік және медиа технологияларды қолданудың теориялық және тәжірибе негізіндегі даму үрдісі қарастырылады. Ақпараттық және программалық құрылғылардың қойылымдық процесс пен сценографиялық кешенге енгізу туралы, сонымен қатар театрлық қойылымдардың көркемдік сапасын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік беретін мәліметтер қарастырылған.

Түйін сөздер: заманауи театр, сценография, театр суретшісі, театр өнері, театр сәндік өнері

Аннотация: В данной статье рассматриваются тенденции развития современной сценографии, применения компьютерных и медиа технологий в театральных постановках, на основе теоретического и практического опыта. Предусмотрены сведения о внедрении в постановочный процесс и сценографию комплекса аппаратных и программных средств, а также позволяющих значительно повысить художественное качество театральных постановок.

Ключевые слова: современный театр, сценография, театральный художник, театральное искусство, театально-декорационное искусство.

Annotation: This article discusses the trends in the development of modern scenography, the use of computer and media technologies in theatrical productions, based on theoretical and practical experience. Information is provided on the introduction of hardware and software into the production process and set design, as well as allowing to significantly improve the artistic quality of theatrical productions.

Key words: modern theatre, scenography, theatre artist, theatrical art, theatrical and decorative art.

Қазіргі кезде адамзат дамуының ерекше артықшылығы - ақпараттық өркениетке көшу, адамдардың интеллектуалдық мүмкіндіктерін арттыратын есептеуіш техника мен ақпараттық технологиялардың жедел дамуы. Қоғамды ақпараттандыру қазіргі таңда дамудың маңызды бағыттарының бірі болып саналады.

Ғасырлар тоғысындағы театр өнері тәжірибенің күрделі және қарқынды даму жолынан өтуде. Театр өнеріндегі заманауи инновациялық жаңалықтар, тәжірибе жүзінде мультимедиялық технологияларды қолдана отырып, шығармашылық міндеттердің шешімін табатыны айқын. It is necessary to raise the level of art-graphic, spatial and volumetric, structural and technological knowledge [1, 241-262 б.]. Қазіргі заманғы театр өнерінде жаңа технологиялардың жетістіктерін қолдану, яғни, декорациялар мен костюмдердің эскиздерін жасау, сондай-ақ, спектакльдердің сценографиялық шешімдерін табу дамудың инновациялық әдісі болып табылады. Әр-түрлі технологиялардың ақпараттық және коммуникациялық құралдары (кино, теледидар, интернет, ұялы байланыс) театрға қарқында түрде енгізілуде. Сценографиядағы театр суретшілері бұл процесті қойылымның шығармашылық-технологиялық бөлігінің ажырамас құралы ретінде қарастырады. Жаңа технологиялар көп мөлшерде визуалды бейнелерді құру негізінде бағытталған,

сондықтан оларды сценографияда қолдану қойылым идеясы, эскиз, декорацияға дейінгі макет үлгісінен және әмбебаптық тұрғысынан ақталады. Қазіргі заманғы театр қойылымдары көрермендердің қызығушылығын «медиялық» сценография арқылы арттыруды жөн санайды. Инновациялық технологиялық шешімдердің қойылымдағы бейнелік көріністері тек қана жарық, дыбыс, декорация мен киім үлгісін жасаумен ғана қамтамасыз етпейді, сонымен қатар, бірінші кезекте қойылымның эмоционалдық шешімін табуға және құруға көмектеседі. Бүгінгі таңда театр қойылымдарына технологиялық жабдықтардың үлкен ауқымы қол жетімді болып келеді: проекциялық құралдар, дыбыстау жүйелері, бейнелі суреттеу және жарықпен безендіру т.б. Жаңа технологиялар театрлық қойылымдардың көркемдік формасын табуына үлкен әсер етеді.

Театр өнерінде компьютерлік технологияларды енгізу соңғы жылдардың өнертабысы болып табылмайды. Пластикалық жанр мен кино әлемінде үйлесімін тапқан алғашқы театр Чехия елінің Прага қаласында 1958 жылы пайда болды. Қазіргі уақытқа дейін жұмысын тоқтатпаған театр «Laterna magika» («Волшебный фонарь») деп аталады. Йозеф Свободаның жетекшілігімен және оның идеясы бойынша ашылған бұл театр, дыбыс, жарық, пантомима, көлеңке театры, цирк, қуыршақ театры және т.б. театрларды сахна кеңістігінде біріктіреді. Жаңа масштабтағы қойылымдарда театрлық іс-әрекет пен жоғары деңгейлі хореография мен кинематографияның элементтерін қолдану, сол уақыттың театрға енгізілген жаңашылдығы болды. Бұл көрерменге әсер етудің жаңа тәсілі, яғни, онда пластика тек музыкамен ғана бірлеспей, сонымен қатар аудио-визуалды әсерді күшейтетін медиа-технологиялармен қамтамасыз етілген.

Соңғы уақытта "виртуалды театр" сөз тіркесі жиі қолданылады, алайда, оның астында түрлі заттарды талқылауға болады. Википедия «виртуалды театр» ұғымын "графикалық квест жанрында компьютерлік ойындарды жасау процесін жеңілдету үшін жасалған ойын қозғалтқышы" деп түсіндіреді[2]. Көптеген театрлар қазіргі таңда өз сайттарында спектакльдерді толығымен онлайн көрудің мүмкіндіктерін қарастырған. Мұндай жобалардың авторлары бұл театрдың әр түрлі аудиторияға арналғанын және жалпыға қол жетімді әлеуметтік бағдарлама деп сендіреді. Дегенменде, негізгі мәселені шешуші, авторлық құқық қоғамы болып келеді. Әдетте, спектакльдер youtube каналына жүктеліп, пайдаланушы үшін ыңғайлы түрде құрылған.

Суретшіге «проекциялық» сценографияның визуалды эскиздерін жасау мақсатында кең көлемде компьютерлік бағдарламалар ұсынылады. Жарықпен безендіру қазіргі таңда көркемдік безендірудің басты рөлін атқарады.

Қоюшы суретшілер «театр нарығында» бәсекелеске түсіп, қойылымдарда бейнепроекцияларды, мультимедиялық экрандалған декорацияларды, жарықдиодты костюмдер және перделерді, көптеген жарық арнайы әсерлер беретін, қашықтықтан басқару құралдарымен қамтамасыз етілген конструктивтік элементтер мен алаңдарды қолданады. Қазіргі таңдағы «визуалды дәуірде» өнер синтезінің заманауи негізі тұрғысында озық технологияларды қолдану - сценографияда кең көлемде таралған тәсіл. Компьютерлік графиканың қазіргі таңда сценографтың қол жетімді құралына айналуы, талантты авторлардың көмегіне жүгіндіреді. Қойылымның көркемдік бейнесін өңдеу барысында сценограф тек шығармашылықпен ғана шектелмей, оның жоспарлау жұмыстарын, техникалық есептеулер, сызбалар, көркемдік безендірудің материалдар тізімі мен болжамды сметасын жасауды жоспарлайды.

Сценографтың бейнелеу құралы болып саналатын компьютерлік бағдарламаларды пайдалану суретшінің стилі мен оның көркемдік ойлауына септігін тигізеді. Компьютерлік құралдарды шығармашылық бағытта пайдаланатын суретшілерді шартты түрде екіге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші түрі - «медиа-арт» суретшілері. Олардың бейнелеу объектісі «нақты әлем емес», оның көркемдік бейнесі ғана, медиалық құралдармен жабдықталған медиа-әлемнің өзі болып саналады. Суретші медиалық технологияларды тек шығармашылық жұмысқа қажетті құрал ретінде емес, сонымен қатар, коммерциялық медиа-өнімдердің бастапқы материалы негізінде пайдаланады: газет фотосуреттерін сканерлеу, оны өңдеу, телебағдарламалардың фрагменттерін, көркем немесе телевизиялық фильмдердің эпизодтарын өңдейді (коллаж және монтаждау). Осының барлығын жинақтап алғаннан кейін, оларды «тұйық» роликтерге айналдырады (кинофильмдерден немесе телебағдарламалардан қажетті үзінділерді алып, роликтер (бейнеинсталляциялар) жасайды).

Екінші түрі-«суретші-бағдарламашы», (программист) адепт soft-ware art. Жиі, бағдарламашылардың шығармалары абстрактілі модернизм дәуірінің композицияларын еске салады, мүмкін, олардың көркемдік шешімі сызықтар және геометриялық фигуралардан, математикалық генерациялардан, түрлі-түсті көмкерме жолдардан тұратындығы себебкер шығар. Суретші-бағдарламашы компьютерлік құралдармен, яғни компьютерлік бағдарламалардың дайын үлгілері мен мүмкіндіктерін пайдалана отырып суреттейді.

Театр қойылымдарындағы 3D-интерьер, үлкен кеңістік, табиғат көріністері, фильмдер қойылым үшін фон ретінде қызмет етеді, көрерменнің сенімін тудырады. Заманауи сценографияның кең мүмкіндіктері қойылымның шынайы және көрнекті бейнелі кейпін табуға көп септігін тигізеді. Дегенмен, бұл қазіргі заманғы арнаулы техника, компьютерлік бағдарламалар, білікті мультимедиялық мамандардың болуын талап етеді.

Мультимедиялық бағдарламаларды екіге жіктеп қарастыруға болады: компьютерлік бағдарламалық ойындар; презентация құруға бағытталған технологиялар; дербес әртүрлі мультимедиялық өнімді шығаратын арнайы бағдарламалар [3, 268 б.]. Қазіргі таңда бейнелі кеңістіктің конструкциясын 3D (үш өлшемді) бағдарламалары арқылы тез салу көлемі жағынан жетілдірілуде. Мысалы, Virtus WT Pro немесе Form-Z бағдарламалары. Мұндай бағдарламалардың көмегімен екі өлшемді параметрлерін енгізуге (мысалы, жоспарлау), кейін үш өлшемді кеңістікті, көлемді конструкция моделін орнатуға болады. Мұндай модельдердің көпшілігі макеттің негізгі функцияларын алмастыруға тиімді; оны айналдырып көруге, қозғалтуға, қажетті түсті қолдануға, материалдың фактурасын көрсетуге, мөлшерін, кез келген элементтің орналасқан орнын өзгертуге, сонымен қатар жарықты FOTOSHOP арқылы имитациялау немесе Electric Image және WYSIWYG (жарықты қоюдың күрделі мүмкіндіктері қарастырылған) бағдарламаларын қолданады. Виртуалды театрда сценографияны құру, сахна планшетінің геометриялық өлшемін нақты көрсетуге мүмкіндік береді. Көрермен залы мен сахналық қорабтың бастапқы үлгісін жасау, суретшіге кез келген ауқымда қойылымның декорациясы мен актерлердің мезансценалық нүктелерін анықтап көрсетуіне мүмкіндік береді. Бірқатар бағдарламалар виртуалды кеңістікті толықтыруға мүмкіндік туғызады, олар қойылым мезансценаларын құруға, кейіпкерлер бейнесін, интерьер заттарын, бутафория және де басқа қажетті объектілер тізімін толықтыруға көмектеседі. Режиссер қойылымның

музыкалық және жарық экспликациясын, қойылым мезансценаларының нақты тұжырымдамасын жасап шығарады. Графикалық бағдарламалар сценографияның эстетикасын егжей-тегжейлі толықтыруға мүмкіншілік туғызады, мысалы, жарық түсірудің нақты түстерін талдап, оның диапазонын кеңейту, декорация көлемінің нақты өлшемін табу, нысандар мен сахналық әрекетке қажетті реквизиттердің фактураларын көрсету секілді факторлар. Жангужина М.Е. -ның пікірінше; «the ability to identify the accent of the whole spectrum of cognitive abilities, and conceptually substantiate them visually in the project» *необходимы для специалистов в области проектирования костюма*» [1, 241-262 б.]. Әрине, компьютерлік бағдарламалар тек сценографияда қолдану қажет деген талап қойылмаған, киім үлгілерін салу мақсатында да өте тиімді болып келеді. Қазіргі заманғы театр суретшілері костюм үлгілерін салуда, пішу және іріктеп сәндеуде де компьютерлік бағдарламаларды қолдануды жөн санайды. Бұл тек ақпаратпен алмасу үшін ғана емес, костюмдерді өндіріске жіберу мақсатында да өте тиімді. Компьютерлік үлгіде кейіпкерлердің бейнесін бейнелеу, костюм үлгілерін сәтті таңдауға, сонымен қатар қолданылатын матаның фактурасы мен түсін нақтылауға мүмкіндік береді.

«Техническое оснащение современной сцены раскрывают необычайное богатство возможностей создавать новые пластические решения, трансформации, визуального моделирования сценического пространства. И тогда перед зрителем возникает нечто принципиально несопоставимое с его обыденным опытом, а именно – пространство, иной раз как две капли воды подобное нашему, но на самом деле иное, иногда непроницаемое, иногда, как бы, не для человека предназначенное, совмещенные, или же будто бы вмонтированные одно в другое пространства» [6, 94 б.]. Қазіргі таңда сахна кеңістігін толтыруда заманауи ғылыми жетістіктерді пайдалану және театрды заманауи техникамен жабдықтау өте маңызды факторлардың бірі (жарықдиодты табло, мобильді проекциялық дисплей, бейімделген шағын залдар мен концерттік алаңдар, проекциялық экрандар, түрлі диагоналды плазмалық панельдер, мультифункционалды жарық аспаптары, жарықдиодты матрицалар, тұманды экран, интерактивті еден, т.б.). Жаңа технологиялардың мүмкіндіктері қоюшы-суретшіге өз қызметінің техникалық және шығармашылық бөлігін синтездеуге, қойылымның көркемдік бейнесін үйлесімді біріктіруге, габариттік сызбалар мен қатты декорациялардың конструктивті шешімін нақтылауға мүмкіншілік туғызады. Бүгінгі күні сценографияның сыртқы формасы ғана емес, декорация жасаудың технологиясы да өзгеріске ұшырауда, мысалы; имитациялық кескіндеме, маталар, түрлі фактуралар (металл, тас, қар және т.б.). Сценографтың эскиздерінен ауытқымайтын декорация құрудың әдістері шыға бастады, олар, неғұрлым дәл бейнелейтін түсті көріністер мен автордың салған түп-нұсқасын дәлме-дәл көрсететін толық түсті принтерлер мен проекциялық экрандалған перделер. Жалпы замауи технологиялардың қарқынды дамуы әсерлі көріністерге қол жеткізудің басты құралы болып табылады.

Заманауи сахналық дизайн өнерінің бір бөлігі ретінде, жаңа технологиялармен қатарласа дамуы оның болашағының зор екендігін көрсеткендей. Инновациялық технологиялардың қарқынды дамуы тәуелсіз еліміздің рухани қажеттілігіне, соның ішінде театр ісінде қарқынды орын алуы-ең бірінші суретшілердің шығармашылығында қолдана біліуінде, меңгеруіне тәуелді [5, 29 б.]. Қазіргі таңда елімізде заманауи бағытта қойылған қойылымдар саны арта түсуде. Бұл, яғни сценография маман иелерінің жетістіктері деп білсек болады. Әрине, компьютерлік

бағдарламаларды қолдану үрдісі терең меңгерген мамандарды талап етеді, сол бағытта қазіргі таңда шет елден көптеген маман иелері шақыртылып, тәжірибелерімен алмасуда, бұл театр өнерінің дамуы мен келешегіне өте тиімді. Мысал ретінде, заманауи бағытта қойылған қойылымдардың алғашқысы М.Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театрында өткен, әлі күнге дейін өз көрермендерін жоғалтпаған «Таңсұлу» (авторы Ғарифолла Есім) атты қойылымы. Қойылымның режиссері Алма Кәкішева - Қазақстанның белді режиссерлерінің бірі. Бұл қойылымда эксперименттер кеңінен қолданылған, соның ішінде қойылымның декорациясы әсер қалдырды. Заманауи компьютерлік технологияларды өте сәтті қолданған қоюшы-суретші - Халықов Қ.З. Қойылымның көркемдік шешімі сахна шымылдығы ашылған сәттен бастап көрерменнің көз-жауын баурап алды. Бұрынғы және қазіргі заманды, болашақты, яғни, үш кеңістікті тоғыстыру үшін видеожоба, 3D әсерлер, голография қолданылған қойылым, қазақ театр сахнасында алғаш сахналанған қойылымдардың бірі болды. Бұл қойылым алғашқысы және соңғысы емес, бұдан кейін де көптеген қазақ театрлары қойылымдарда компьютерлік бағдарламаларды кеңінен қолдана бастады. Айта кетер болсақ, тізгінді ұстап тұрған театрлар қатары Абай атындағы қазақ Мемлекеттік академиялық Опера және Балет театры және «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрындағы қойылымдары театр шымылдығын түріп келеді. Ең күрделі қойылымдарды сахналауға мүмкіндігі мол, заманауи техникалық құралдармен қамтылған театр, қойылымдарды көркемдеу тізгінін тек еліміздің суретші мамандарымен шектелмей, шетел мамандарымен жиі тәжіри алмасып келе жатқан театр, бүгінгі күні жаңа технологияларды қойылымдарда кеңінен қолданады. Бүгінгі таңда «Астана Опера» репертуарында А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай», Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» опералары, Ғ.Жұбанованың музыкасына қойылған «Қарагөз» балеті сынды ұлтымыздың атақты композиторларының шығармаларымен қатар әлемдік опера және балет классикасы: Дж.Вердидің «Аида», «Травиата», Дж.Пуччинидің «Богема», «Тоска», «Мадам Баттерфляй», Ж.Бизенің «Кармен»; П.Чайковскийдің «Ұйқыдағы ару», «Аққу көлі», «Щелкунчик», С.Прокофьевтің «Ромео мен Джульетта», А.Хачатурянның «Спартак», Б.Асафьевтің «Бақшасарай бұрқағы», Л.Минкустың «Баядерка» және «Дон Кихот», Б.Эйфманның «Роден» балеті, Р.Петидің «Париж Құдай Анасының соборы» балеті, К.Макмилланның «Манон» және тағы басқа өнер туындылары қойылған. Спектакльдер көрнекті сценограф Эцио Фриджеро және костюмдер бойынша суретші – «Оскар» сыйлығының иегері Франка Скуарчапино, Софья Тасмағамбетова және Павел Драгуновтың қатысуымен Франко Дзеффирелли, Юрий Григорович, Борис Эйфман, Алтынай Асылмұратова, Михаил Панджавидзе сынды атақты тұлғалардың қойылымында көрерменге ұсынылуда [4.]. Бұл айтылып кеткен қойылымдар заманауи технологияларды жетік меңгерген мамандардың туындылары. Заманауи бағытта компьютерлік бағдарламаларды тиімді қолданған сценографтар қойылымның көркемдік бейнесін нақты көрсете білген. Әрине, театр заман талабына сай қажетті күрделі технология құралдарымен жабдықталғандықтан, мамандарға көріністерді бейнелеу өте тиімді.

Қазіргі таңда қоюшы-суретшінің жұмысына қойылатын талаптар:

- графикалық бағдарламаларды білу және қолдану: дизайн және жобалаудың эскиздерін жасау үшін векторлық, растрлық және үш өлшемді графика (Corel Draw, Adobe Photoshop 7, 3D Studio Max және т.б.); Мультимедиялық бағдарламалардың сценографияда қолдану (Virtus WT Pro, Form-Z, Electric Image, WYSIWYG және т.б.);